

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2026 жылғы 19 ақпан

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі бірінші мәселе «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бірлескен комиссиясының құрамы туралы.

Құрметті әріптестер, осы мәселеге байланысты тиісті қаулы қолдарыңызда бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдайық. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы жаңартылатын энергия көздері саласындағы жобаларды іске асыру туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің хатшысы Булавкина Ольга Александровнаға беріледі.

БУЛАВКИНА О.А. Уважаемый Маулен Сагатханулы! Уважаемые депутаты! Соглашение между Правительством Республики Казахстан и Правительством Китайской Народной Республикой о реализации проектов в области возобновляемых источников энергии подписано на саммите Международного климатического форума COP-29 в ноябре 2024 года.

Целью соглашения является развитие взаимовыгодного сотрудничества между Республикой Казахстан и Китайской Народной Республикой в области противодействия глобальному изменению климата посредством разработки и реализации проектов, направленных на развитие возобновляемых источников энергии и обеспечение устойчивого развития в Республике Казахстан.

Положения соглашения будут распространяться на проекты в области «зеленых» технологий и инноваций, направленных на производство и хранение электрической энергии.

Согласно данному соглашению планируется построить три крупных объекта ВИЭ общей установленной мощностью 1,8 гигаватта, в их числе две ветровые электростанции суммарной мощностью 1,5 гигаватта и одна солнечная электростанция мощностью 300 мегаватт.

Проекты будут реализовываться в регионах с высоким потенциалом солнечных и ветровых ресурсов, обеспечивая интеграцию в единую электроэнергетическую систему (Карагандинская, Туркестанская и Павлодарская области). Сроки завершения проектов 2027 – 2029 годы. Со стороны Казахстана соинвестором выступает акционерное общество «Самрук-Энерго».

С энергетической и экологической точек зрения проекты позволят ежегодно производить более 5,7 миллиарда киловатт-часов «зеленой» электроэнергии и будут способствовать сокращению выбросов углекислого газа до 4,5 миллиона тонн в год, что внесет свой вклад в достижение климатических целей Казахстана.

В целях реализации предусматривается привлечение инвестиций в сумме более 2 миллиардов долларов США и создание более 200 постоянных и 2000 временных рабочих мест.

На сегодня в двух регионах местными исполнительными органами проводится работа по выделению земельных участков для проектно-изыскательских работ. При этом в Туркестанской области земельный участок выделен и начато строительство солнечной электростанции.

Принимая во внимание технические особенности крупных проектов, законом предусмотрены следующие условия для их реализации.

1. Заключение договоров без проведения аукционов по ВИЭ или любой процедуры торгов.
2. Утверждение тарифов в иностранной валюте.
3. Участие на балансирующем рынке электроэнергии, но без прохождения оценочных процедур.

Наряду с этим казахстанская сторона предоставляет девелоперам ряд преимуществ:

возможность беспрепятственно выполнять валютные обязательства и получать доходы в иностранной валюте;

поддержка в получении разрешений от государственных органов.

При этом для девелоперов установлены следующие требования:

наличие финансовых и технических ресурсов;

подтвержденный опыт в разработке, инвестировании, финансировании и эксплуатации проектов ВИЭ в Центральной Азии.

Кроме этого, нормы закона предусматривают сотрудничество между Министерством энергетики Казахстана и Государственным энергетическим управлением КНР, а также соответствующими компаниями, что является целенаправленной работой по формированию основы для будущей энергоемкой экономики.

Стороны признают иммунитеты, привилегии и исключения, предоставляемые центральным банкам в соответствии с международными соглашениями и законодательством.

Ожидается, что реализация крупных проектов позволит достичь целевых показателей по доле возобновляемых источников энергии, включая 15 процентов к 2030 году, и внесет значительный вклад в углеродную нейтральность Казахстана согласно Стратегии низкоуглеродного развития до 2060 года.

По данному закону проведены рабочие группы. От постоянных комитетов Сената Парламента предложений и замечаний не поступило.

С учетом вышеизложенного Комитет по аграрным вопросам, природопользованию и развитию сельских территорий, руководствуясь пунктом 4 статьи 61 Конституции Республики Казахстан, рекомендует одобрить Закон Республики Казахстан «О ратификации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Китайской Народной Республики о реализации проектов в области возобновляемых источников энергии». Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Бұқтұғұтов Шәкәрім Сабырұлына беріледі.

БҰҚТҰҒҰТОВ Ш.С. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Сұңғат Қуатұлына.

Сегодня Глава государства обращает внимание на то, что тарифы, в том числе в области энергетики, не должны приводить к снижению уровня жизни граждан, субъектов малого бизнеса, в целом бизнеса. Однако сейчас мы видим, что в пиковые нагрузки мы вынуждены закупать электроэнергию за пределами Казахстана и по ценам гораздо выше. Конечно, это бременем ложится на тарифы, все остальные инфляционные процессы и так далее. Тарифы по возобновляемым источникам энергии также выше, чем средняя закупочная цена у единого закупщика.

В связи с этим вопрос. Какова ближайшая стратегия? Да, вы утверждаете, что дефицит будет ликвидирован к концу 2027 года, но это еще 1,5-2 года. Как сегодня

сдерживать инфляцию и не допускать повышения тарифов, что отрицательно скажется на уровне жизни граждан республики, как говорит Глава государства?

ТӨРАҒА. Энергетика вице-министрі Есімханов Сұңғат Қуатұлы, жауап беріңіз.

ЕСІМХАНОВ С.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Шәкәрім Сабырұлы, сұрағыңызға рақмет.

В целом, как только мы начали развивать возобновляемые источники энергии, тарифообразование по возобновляемой энергетике формируется в системе Расчетно-финансового центра.

Вы правы, в первые годы, когда десять лет назад мы начали осуществлять эти проекты, тарифы были достаточно дорогими. Для того чтобы нагрузка была равномерной, тогда был создан Расчетно-финансовый центр. Он до сих пор скупает всю электроэнергию и равномерно распределяет.

На сегодня тарифы возобновляемой энергетике, которые мы в последние шесть-семь лет проводим через аукционы, имеют достаточно большой процент снижения. Сегодняшние тарифы возобновляемой энергетике, в том числе проекты, которые в этом межправительственном соглашении, уже наравне с традиционными угольными станциями. Поэтому эти проекты не будут оказывать такого влияния. А влияние этих тарифов возобновляемой энергетике в ближайшие три-четыре года пойдет на спад, так как те проекты, которые были дорогими, уже окупятся, и проекты гарантированных закупок закончатся.

А в целом по политике тарифообразования мы с коллегами из Министерства национальной экономики, учитывая все социальные факторы, работу ведем, и в рамках моратория, и в рамках анализа всех ремонтных работ, и они будут рассматриваться подробно в части всех затрат, которые необходимы для выработки электроэнергии. Рақмет.

ТӨРАҒА. В продолжение вопроса. Сұңғат Қуатұлы, то есть мы делаем большой акцент, даем приоритет возобновляемым источникам энергии, а в будущем атомной энергетике.

До атомной энергетике нам необходим еще какой-то период, чтобы построить эти станции, ввести их в эксплуатацию. Мы сейчас работаем с ВИЭ.

Сколько ВИЭ занимают в целом в энергобалансе нашей страны? Сколько процентов они производят? Вы же сейчас вводите мощности с европейскими, арабскими, китайскими компаниями. Какая здесь в целом стратегия у министерства?

Понятно, что это надо вводить, но в любом случае это большие затраты, которые потом возвращаются государству. Какая стратегия по ВИЭ в дальнейшем? Мы доходим до какого-то уровня, останавливаемся или дальше продолжаем вытеснять угольную энергетике? Какое здесь видение? Пожалуйста, коротко.

ЕСІМХАНОВ С.Қ. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

В целом по итогам прошлого года доля возобновляемой энергетике составляла 7 процентов в выработке. Как вы знаете, руководством страны перед нами поставлена задача

к 2030 году достигнуть 15 процентов. Поэтому мы четко понимаем план, каждый проект, в том числе и эти проекты, позволят достигнуть 15 процентов, и план – двигаться именно в этом формате, так как система электрических сетей имеет свои ограничения приема. Поэтому мы с системным оператором эту работу полностью провели и понимаем, что эти 15 процентов сможем принять в систему, и они будут работать.

Плюсом к этим всем крупным проектам есть требования по установке систем накопления энергии, 30 процентов, которые позволят в периоды лишней выработки электроэнергии хранить эту электроэнергию и использовать в необходимые часы.

Именно по возобновляемой энергетике есть четкое видение, мы знаем каждый проект, и в рамках поручения руководства до 2030 года 5,9 гигаватта возобновляемой энергетики введем. Каждый этот проект обоснован и имеет свой технический формат.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Нухұлына беріледі.

НУХҰЛЫ А. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Экология және табиғи ресурстар министрлігінің өкіліне.

Қаралып отырған келісім аясында жаңартылатын энергия көздері саласында үш ірі инвестициялық жобаны жүзеге асыру көзделіп отыр. Аталған жобаларды жүзеге асыру үшін 2 мың уақытша жұмыс орны, 204 тұрақты жұмыс орны құрылады деп жоспарлануда. Осыған байланысты сұрақ туады.

Жобаларды салу кезеңінде және олар толық іске қосылғаннан кейін еліміздің флорасы мен фаунасына, яғни өсімдіктер дүниесіне, аң-құстардың көшіп-қонуы мен олардың табиғи мекен ету ортасына оның кері әсері болмай ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Экология және табиғи ресурстар вице-министрі Ошурбаев Мансур Тұрсынұлы, жауап беріңіз.

ОШУРБАЕВ М.Т. Сұрағыңызға рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Қазақстан Республикасының экология заңнамасына сәйкес жел және күн электр станцияларын жобалау кезінде орнитологиялық және экологиялық зерттеулердің деректерін ескере отырып, ыңғайлы орынды тандау, миграция маршруттарын есепке алудың теріс әсерін болдырмау және азайту жөніндегі шаралар кешені міндетті түрде көзделеді.

Флора мен фауна бойынша бұл мәселені біз өз бақылауымызда ұстаймыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Орынбасаров Бекбол Тілеумұратұлына беріледі.

ОРЫНБАСАРОВ Б.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Энергетика министрлігінің өкіліне.

Құрметті Сұңғат Қуатұлы, қарастырылып отырған келісім бойынша қытайлық компанияларға ерекше шарттар ұсынып отырмыз, яғни 25 жыл бойы электр энергиясын

аукционсыз, валюталық тарифпен сатып алуды көздеп отырмыз. Осыған байланысты менде екі сұрақ бар.

Бірінші сұрақ. Келісім шетел валютасымен жасалғаннан кейін валюта бағамына байланысты теңгедегі тариф өсетін болса, ол халыққа ауыр тиюі мүмкін (келісім шетел валютасымен жасалғаннан кейін түсінікті ғой). Осыған байланысты сіздерде тарифті теңгенің бағамында тежеу механизмі қарастырылған ба? Мына шартта көрсетілмеген, бірақ сіздер өз бұйрықтарыңызда соны қарап отырсыздар ма, бар ма? Механизм жасалып жатыр ма?

Екінші сұрақ. Құжат мәтінінде бұл шығындарды өтеу тетіктері айқындалмағанын ескерсек, осы 1,8 гигаватт тұрақсыз генерацияны біздің энергетикалық жүйеге интеграциялау қарастырылып отыр, яғни бұл қаржылық шығынды талап етеді. Қаржылық шығынды өтеу кімнің жағынан болады: Қытай жағынан ба, әлде біздің жақтан ба?

Осыны түсінікті қылып айтып кетсеңіз жақсы болар еді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сұңғат Қуатұлы, жауап беріңіз.

ЕСІМХАНОВ С.Қ. Сұрағыңызға рақмет, құрметті Бекбол Тілеумұратұлы.

Бірінші тариф жөнінде айтсақ, бұл үкіметаралық келісім болғандықтан жалпы тариф индикативті түрде валютада бекітілген. Мысалы, осы жобадағы жел электр стансаларының тарифі 4,25 цент индикативпен болды. Бірақ біз келіссөздер кезінде бұл тарифті 3,7 центке дейін түсірдік, яғни тұтынушылардың жылына 9 миллиард теңгедей үнемдеу мүмкіндігіне әкелдік.

Екінші мәселе. Бұлар үлкен халықаралық компания болғандықтан кепіл ретінде валютаны талап етті, біз оған келістік, өйткені соңғы он жылға талап жасадық. Өздеріңіз білесіздер, біз аукциондық механизм бойынша барлық жобаларға жыл сайын теңгемен индексация береміз. Соңғы он жылды салыстырсақ, теңгемен индексация валютаның өзгеруінен жоғары. Сондықтан алдымыздағы жылдары бұл тиімді болады деп ойлаймыз. Бұл біріншіден.

Екіншіден, осы валютадағы тарифті бекітеміз де оны теңгемен төлейміз, бірақ ешқандай валютаға индексация болмайды. Ол болашақта тұрақтылыққа әкеледі деген сеніміміз бар.

Интеграция жөніндегі екінші сұраққа келсек, әрине электр энергиясының көлемі үлкен, бірақ біз бұл жобаларда 30 пайыз энергия сақтау жүйелерін талап етіп отырмыз. Сондықтан осы сақтау жүйелері жобаларды жүйеге интеграция жасауға толық мүмкіндік береді, өйткені қазір ауа райын алдын ала болжау қабілеті үлкен. Сондықтан одан ешқандай айырмашылық болмайды. Біз соңғы жылдардағы талаптарды қарасақ, жобалар 15-20 пайыздың арасында шығып жатыр, сондықтан интеграциялау мәселесі де шешіледі деген сеніміміз бар. Оның үстіне біз маневрлік генерацияны (газды) іске қосып отырмыз, сондықтан жүйе тұрақты жұмыс істейді деген сеніміміз бар.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Ольга Александровна, рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Дүйсембинов Сұлтан Мырзабекұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБИНОВ С.М. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Қадірлі әріптестер! «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы жаңартылатын энергия көздері саласындағы жобаларды іске асыру туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау елімізде энергетика саясатын жаңа деңгейге шығаратын және климаттық міндеттемелерді жүйелі түрде іске асыруға бағытталған маңызды құжат.

Қазіргі таңда әлемде энергия көздерін әртараптандыру, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және тұрақты экономикалық даму мәселелері алдыңғы қатарға шықты. Осы тұрғыдан алғанда Қазақстан мен Қытай арасындағы жаңартылатын энергия көздері саласындағы ынтымақтастықты көздейтін келісім еліміздің ұзақ мерзімді даму басымдықтарына толық сәйкес келетін стратегиялық шешім. Аталмыш заң Қазақстан аумағында ірі жаңартылатын энергия жобаларын іске асыруға құқықтық негіз қалыптастырады. Жоспарланып отырған жобалар жел және күн электр стансаларын салуды, сондай-ақ электр энергиясын жинақтау жүйелерін енгізуді қамтиды. Жобалардың жалпы қуаты 1,8 гигаватты құрайды. Мұндай көлемдегі қуат еліміздің энергия теңгеріміндегі «жасыл» электр энергиясының үлесін арттырып қана қоймай, бірқатар өңірлердің инфрақұрылымдық дамуына серпін береді.

Заңда ірі жобаларды іске асырудың арнайы тәртібі қарастырылған. Бұл нормалар жобалардың ауқымы мен техникалық күрделілігін ескере отырып енгізілген, сондай-ақ қаржылық тұрақтылық, техникалық мүмкіндіктер және жаңартылатын энергия саласындағы дәлелденген тәжірибе секілді инвесторларға да нақты талаптар қойылады. Ең бастысы бұл бастамалар Қазақстанның 2030 жылға дейін жаңартылатын энергия көздерінің үлесін арттыру жөніндегі міндеттеріне және 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жөніндегі стратегиялық мақсаттарына толық сәйкес келеді.

Осы заңды қабылдау тек жекелеген энергетикалық жобаларды іске асыру емес, ең алдымен Қазақстанның ұлттық мүдделеріне сай келетін ұзақ мерзімді шешім. Сонымен қатар халықаралық серіктестік арқылы озық технологияларды тартуға, инвестициялық ахуалды жақсартуға және Қазақстанның жаһандық климаттық бастамалардағы беделін күшейтуге мүмкіндік береді.

Құрметті әріптестер! Осы ретте «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы жаңартылатын энергия көздері саласындағы жобаларды іске асыру туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қолдаймын және оның маңыздылығын ескере отырып сіздерді де қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы жаңартылатын энергия көздері саласындағы жобаларды іске асыру туралы

келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Қаралған заң еліміздің аумағында жаңартылатын энергия көздері саласындағы ірі жобаларды ілгерілету үшін әзірленген. Осы мақсатпен келісім аясында ірі жобаларды іске асырудың негізгі шарттары мен тәртібі анықталып отыр.

Мақұлданған заң жаңартылған энергия көздерінен алынатын энергияның үлесін арттыруға, жаңа технологияларға қолжетімділікті қамтамасыз етуге және зиянды қалдықтардың көлемін қысқартуға мүмкіндік береді деп сенеміз.

Осы заң бойынша шақырылған әріптестерге рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті сенаторлар! Күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне туристік саланы және балалар спортын қолдау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі Есбай Амангелді Ғабдылқаримұлына беріледі.

ЕСБАЙ А.Ғ. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сіздердің назарларыңызға «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне туристік саланы және балалар спортын қолдау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң ұсынылып отыр.

Заң туризм саласындағы құқықтық реттеуді жетілдіруге, ұғымдық аппаратты біріздендіруге, туристік инфрақұрылымды дамытуға және қолданыстағы мемлекеттік қолдау тетіктерін рәсімдік тұрғыдан жүйелеуге, сондай-ақ балалар мен жасөспірімдер спортын қаржыландыру мен басқарудың тиімділігін арттыруға бағытталған.

Туризм саласын дамытуға қатысты заңмен «гид», «экскурсия жүргізуші», «туризм нұсқаушысы», «туристік ресурстар» және «туризм объектілері» сияқты негізгі ұғымдар нақтыланып, біріздендірілді. Гидтер мен туризм нұсқаушыларының қызметі кәсіпкерлік нысанына байланысты шектелмейтін болады. Бұл құқықтық бейтараптықты сақтап, білікті мамандардың санын арттыруға жол ашады.

Заң арқылы танытым орталықтар дербес туризм объектісі ретінде заңнамалық мәртебеге ие болды. Оларды туристік маршруттар мен ресурстарда орналастыру, салу, қайта жаңғырту және жабдықтау тәртібі бекітіледі. Танытым орталықтар өңірлердің туристік әлеуетін ілгерілету және туристік сервистің базалық инфрақұрылымы ретінде қызмет етеді.

Уәкілетті органға гидтер, экскурсия жүргізушілер және туризм нұсқаушылары қызметінің қағидаларын, сондай-ақ кәсіпкерлік субъектілерінің шығындарын өтеу және субсидиялау қағидаларын, шарттары мен мөлшерлерін бекіту жөніндегі өкілеттіктер нақтыланады. Бұл ретте жаңа қолдау шаралары енгізілмейді, қолданыстағы механизмдер рәсімдік тұрғыдан нақтыланатын болады.

Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінде құжаттарды кезектен тыс ресімдеу және өткізу тәртібін тек тұрақты халықаралық жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын

автобустарға ғана емес, туристік операторлар ұйымдастыратын тұрақты емес халықаралық жолаушылар тасымалына да қолдануды көздейтін түзету енгізіліп отыр. Аталған норма рәсімдік сипатқа ие және туристік автобустардың шекарадан өту уақытын қысқартуға бағытталған.

Сонымен қатар заңмен еліміздің ойын бизнесін орналастыруға рұқсат етілетін аумақтардың тізбесі кеңейтіледі. Бұрынғы Қапшағай, Бурабайдан бөлек енді Маңғыстау, Жетісу, Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарының туристік маңызы бар аймақтарында жаңа ойын зоналарының құрылуы өңірлерге инвесторлар мен шетелдік саяхатшыларды тартудың қосымша тетігіне айналады. Бұл ретте заңда маңызды әлеуметтік және экономикалық тосқауыл қойылған. Жаңадан белгіленген аумақтардағы ойын мекемелеріне тек шетелдік азаматтардың кіруіне рұқсат беріледі. Мұндай тәртіп ішкі әлеуметтік тәуекелдерді азайта отырып, сыртқы туризмді ынталандыруға, бюджетке түсетін салық түсімдерін арттыруға және халықаралық деңгейдегі сервистік инфрақұрылымның қалыптасуына тікелей ықпал етеді. Мұндай тәсіл халықаралық тәжірибеде кеңінен қолданылады. Ойын зоналарының шекараларын белгілеудегі нақтылық пен экологиялық шектеулер бұл саланың табиғи және мәдени мұраларға зиян келтірмей, жүйелі дамуын қамтамасыз етеді.

Заңның тағы бір негізгі бағыттарының бірі – балалар мен жасөспірімдер спортын қаржыландыру жүйесін реформалау.

Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінде мемлекеттік тапсырыс енгізіліп, қаражат білім алушылар санына қарай жан басына шаққандағы норматив арқылы ашық және әділ бөлінеді. Бұл балалардың спортпен шұғылдандуына қолжетімділікті арттырып, бюджет қаражатының нысаналы жұмсалуды қамтамасыз етеді. Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері осы спортты дамытуға бағытталған білім беру бағдарламаларын іске асыратын қосымша білім беру ұйымдары ретінде заңнамалық тұрғыда бекітіледі.

Дене шынықтыру және спорт саласында цифрлық платформа енгізіліп, мемлекеттік спорт субъектілері деректерді платформаға ұсынады. Ақпараттың сапасы, дер уақыты және дұрыстығы үшін жауапкершілік енгізіледі. Бұл басқаруды жетілдіруді, қаржыландырудың ашықтығын арттыруды және аналитикалық шешім қабылдауды қамтамасыз етеді.

Тағы тоқталатын мәселе, бюджеттен тыс қаражаттарды бөлудің бірыңғай операторы жыл сайын аудиттен өтіп, қаржылық тәртіп күшейтіледі.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Заң тиісті мемлекеттік органдардың өкілдері және сала мамандарының қатысуымен комитеттің кеңейтілген отырысында жан-жақты талқыланды. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының тұрақты комитеттерінен және оның Аппаратынан ұсыныстар мен ескертулер түскен жоқ.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне туристік саланы және балалар спортын қолдау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес мақұлдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Өтеғұлов Арман Кәрімұлына беріледі.

ӨТЕҒҰЛОВ А.К. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Туризм және спорт министрлігінің өкіліне бағытталады.

Соңғы жылдары елімізде туристер санының тұрақты өскенін көріп отырмыз. Бұл қуанарлық жағдай.

Саладағы қызметтердің басым бөлігін қонақ үй саласы ұсынып отыр. Дегенмен туристік сегментте білікті кадрлардың жетіспеушілігі көрініп тұр. Бұдан басқа қолданыстағы заңнамаға сәйкес жергілікті атқарушы органдарға туристік инфрақұрылым нысандарының мақсатты пайдаланылуына бақылау жүргізу міндеті жүктеліп отыр. Осыған байланысты жергілікті жерлерде барлық деңгейде білікті кадрлардың керектігі сөзсіз. Осы кадр тапшылығын министрлік жуық арада қалай шешкелі отыр?

ТӨРАҒА. Туризм және спорт вице-министрі Жарасбаев Серік Маратұлы, жауап беріңіз.

ЖАРАСБАЕВ С.М. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті Арман Кәрімұлы! Біріншіден, туристік саладағы кадрларды даярлау үшін Халықаралық туризм және меймандостық университеті бар. Ол Түркістан қаласында орналасқан. Ол жерде 3 мыңға жуық студент оқиды, оның 90 пайызы мемлекеттік тапсырыс арқылы оқиды. Ол сол жердегі біздің ең басты флагман университетіміз.

Жалпы, қазіргі уақытта Қазақстанда 11 жоғары оқу орнында осындай кафедралар жұмыс жасайды. Ол жерде 2 мың 200-ге жуық студент оқып жатыр, сондықтан кадрлық даярлыққа ол да өз әсерін береді. Сонымен қатар орта білім беретін 65 колледжде 3 мыңға жуық студент оқып жатыр. Жалпы туристік саланы дамыту үшін бізде осындай үш бағыт бойынша жұмыс жасалып жатыр және әрбір сала бойынша біліктілік арттыру курстары өткізіліп жатыр. Оған қосымша 1 мың 200-ден астам әріптесіміз өздерінің тапсырыстарын бере отырып, сол жерде біліктілігін арттырғаннан кейін туристік салада жұмыс істеуге құқылы болады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Нәутиев Әлібек Ибатуллаұлына беріледі.

НӘУТИЕВ Ә.И. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасы Туризм және спорт вице-министрі Серік Маратұлына.

Заманауи туризм саласы еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына септігін тигізетін мықты күшке айналууда. Бұл сала еліміздің бірқатар аймақтарының тұрақтануына, әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосары сөзсіз. Себебі көптеген дамыған елдерде бұл бірқатар елдің күнкөріс деңгейіне айналып отыр. Бұндай елдердің қатарында көршілес Өзбекстан, Түркия, Грузия және тағы басқа елдерді атап өтуге болады. Жалпы сарапшылардың мәліметіне сүйенсек, дамыған елдердің жалпы ішкі өніміндегі туризмнің үлесі шамамен 5,5-6 пайыз деңгейінде. Дегенмен біздің елде бұндай ауқымды жұмысты

жасау үшін әлі де көп іс атқарылуы қажет деп есептеймін, соған байланысты менің сұрақтарыма жауап берсеңіз.

Бірінші сұрақ. Елімізде туризм саласының жалпы ішкі өнімдегі үлесі қандай деңгейде?

Екінші сұрақ. Шетелдік туристерді елге тарту бағытында салалық министрлік ретінде сіздер қандай нақты шаралар атқарып жатырсыздар? Осыған тоқталсаңыз.

Үшінші сұрақ. Отандық нарық туризм саласындағы кәсіпорындардың, мекемелердің жұмыстарының тартымды болуы үшін өздері қандай деңгейде шаралар қолданып, үлестерін қосуда? Рақмет.

ТӨРАҒА. Туризм және спорт вице-министрі Жарасбаев Серік Маратұлы, жауап беріңіз.

ЖАРАСБАЕВ С.М. Сұрағыңызға рақмет, Әлібек Ибатуллаұлы.

Расымен де туризм саласы экономиканың маңызды бағыттарының бірі. Бірінші сұрағыңызға жауап берсек, 2024 жылдың қорытындысы бойынша қазіргі таңда Қазақстанның жалпы ішкі өнімінің 3,3 пайызын туризм құрайды. Ол көрсеткіш жыл сайын өсіп келе жатыр. Ол мультипликативті эффект болғаннан кейін тек қана туризм саласында емес, басқа да салалармен (тамақтандыру, сауда, қызмет көрсету) аралас болады. Сондықтан қазіргі уақытта 3,3 пайыз өз үлесін қосып жатыр.

Екінші сұрақ бойынша айтсақ, шетелдік туристерді тарту біздің министрліктің ең басты міндеттерінің бірі. Оны іске асыру үшін қазіргі уақытта 87 елде визасыз режим жүзеге асып жатыр, ол өзінің үлесін қосып жатыр. 2025 жылдың қорытындысы бойынша статистикалық деректер бар, елімізге келіп кеткен шетелдік туристердің саны 12 миллион адамды құрады. Сонымен қатар визасыз режимге қатысты айтар болсақ, 2023 жылдан бастап Қытай Халық Республикасы азаматтарының Қазақстанға визасыз келуіне рұқсат берілді. 2025 жылдың қорытындысы бойынша миллионға жуық турист Қытайдан келіп кетті. Оны өздеріңіз көріп жатқан шығарсыздар. Сонымен қатар дәл сондай норма Үнді және Иран елдерінде де енгізілді, себебі үш ең үлкен көрші елден өзімізге турист тарту үшін арнайы жұмыстар жасалып жатыр. Ол жұмыс ары қарай да жалғасын табады. Сонымен қатар отыздан астам елмен тікелей әуе қарым-қатынасы қосылып жатыр. Ол да өзінің үлесін қосады деген сенімдеміз.

Соңғы сұрақ бойынша айтсақ, расында да нарықты дамыту үшін бізде көп жұмыс іске асырылып жатыр. Осы заңмен бұрынғы нормативтік-құқықтық актілерде бекітілген субсидиялау нормалары енгізіліп жатыр. Оның ішінде жетеуі бар. Ол нормалар ішкі нарықты дамытуға, ішкі туризмді осы салаға тартуға бағытталған. Оның ішінде әрбір жұмыс бойынша субсидия бар, оның пайызы да бар. Біз соны әрі қарай дамыту үшін жұмыс жасап жатырмыз. Сонымен қатар былтыр жыл соңында ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен ұлттық парктерге қатысты біз заңға өзгерістер енгізген болатынбыз. Бұрын ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда инфрақұрылым салуға рұқсат берілмейтін, қазіргі уақытта туризмді дамыту үшін инфрақұрылым салуға рұқсат беріліп жатыр. Бұл бизнесмендер мен ірі инвесторларды тартуға әсер етеді деген сенімдеміз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Қожаев Марат Шәдетханұлына беріледі.

ҚОЖАЕВ М.Ш. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Мои вопросы адресованы представителю Министерства туризма и спорта.

В рамках рассматриваемого закона статья 15 Закона «Об игорном бизнесе» дополнена пунктом 1-1, согласно которому в казино, залы игровых автоматов, кассы букмекерских контор и тотализаторов, размещенные в Мангистауской области на побережье Каспийского моря, Панфиловском районе и на побережье озера Алаколь области Жетысу, в Талгарском районе Алматинской области, районе Марқакөл и Зайсанском районе Восточно-Казахстанской области, будут допускаться только иностранцы и лица без гражданства, работники игорного заведения и иные лица, находящиеся в игорном заведении в связи с выполнением служебных обязанностей.

Введение этой нормы вызывает ряд вопросов.

Какая ответственность предусматривается в случае нарушения данного ограничения в части субъектов, допускаемых в игорные заведения? Как будет осуществляться контроль за исполнением данного условия?

Сколько туристов-иностранцев и лиц без гражданства въезжают в Казахстан в течение года, при этом посещают объекты игорного бизнеса? Будет ли посещаемость этих объектов на достаточном уровне для получения прибыли, так как это объекты бизнеса и эффективность их деятельности зависит от количества потребителей данного вида услуг?

Какие меры предусматриваются Министерством туризма и спорта для того, чтобы указанные объекты игорного бизнеса не применяли «серый» учет своих посетителей?

ТӨРАҒА. Жауап беріңіз.

ЖАРАСБАЕВ С.М. Сұрағыңызға рақмет, Марат Шәдетханұлы.

Да, на самом деле вопросы расширения игорных зон неоднократно обсуждались и на заседаниях рабочих групп, и на заседаниях комитетов. Мы много этот вопрос обсуждали. Сегодня этим законопроектом предусмотрено расширение игорных зон до семи зон. На сегодня контроль в действующих игорных зонах уже ведется посредством системы учета посещающих лиц, которые там находятся. Это связано с тем, что в свое время мы внедрились норму по ограничению от игорного бизнеса тех лиц, которые наложили на себя самоограничение. Для этого в действующие казино мы такие нормы контроля уже ввели.

Такой механизм есть, мы его расширим только для того, чтобы предполагаемые казино, которые будут находиться в расширяемых зонах, посещали только иностранные граждане, то есть за исключением казахстанских граждан.

Там мы применим аналогичный механизм: при входе они должны будут представить удостоверяющий личность документ. Этот документ сотрудники казино будут сравнивать с данными ИС, которые у нас имеются, они сейчас в электронном виде интегрированы в систему «e-Gov», проверяются на наличие этих граждан в системе ограничения, является это лицо гражданином Республики Казахстан или нет. Таким образом мы исключаем возможность входа туда граждан Казахстана.

Что касается нарушений, то Правительство предполагает поставить ограничения в части первого нарушения – от 300 МРП до 1000 МРП, при повторном нарушении – от 500 МРП до 1500 МРП, если нарушения будут иметь системный характер, то вплоть до исключения казино из списка аккредитованных. Такие меры мы планируем принимать.

Что касается второго вопроса, то, по статистике за 2025 год, более 12 миллионов иностранных граждан-туристов посетило Казахстан, из них, по данным социологических исследований, порядка 450 тысяч человек посетило казино в трех действующих зонах, из этих 450 тысяч 10 процентов (45 тысяч) – это иностранные граждане.

Сегодня мы располагаем такими цифрами. В случае увеличения зон казино, естественно, планируется увеличение этой цифры.

Пользуясь случаем, хотелось бы отметить, что, по статистике, на сегодня одно казино вносит в бюджет порядка 2 миллиардов тенге и создает 500 рабочих мест. Спасибо.

ТӨРАҒА. Жақсы. Серік Маратұлы, әрине жауабыңызды қабылдаймыз. Марат Шәдетханұлының сұрап отырған мәселесі бақылауды қамтамасыз ету. Ол жерге күнде қарап отыратын полиция қызметкерін қойып қою деген болмайды ғой. Ертең «полиция арқылы өтетін болсақ, ол қалай болады екен, олай дұрыс па екен» деген сұрақтар туристерде де туындайды. Сондықтан ертең бақылауды қалай қамтамасыз етесіздер?

Шығыс Қазақстанды айтып отырсыз. Шығыс Қазақстан дегеніміз жақын жер емес қой, ол жерде қарап отыру керек. Алакөл де жақын жер емес. Сондықтан «бақылау қалай болады» деген сұрақ қой. Бұл бір.

Екінші мәселе. Жаңа сіз бір казинодан 2 миллиард тенге түседі дедіңіз. Мемлекеттің деңгейінде қарайтын болсақ, ол да сонша үлкен ақша емес қой. Қазақстанның әртүрлі облыстарында осыны ашып тастасақ, сонда қанша казино болады, 10-15 бола ма? Солардан 2 миллиардтан ақша түскенде 20-30 миллиард болады. Ол да дұрыс шығар. Қазір бюджеттің мәселесін бәріміз білеміз, сондықтан ол да бюджет үшін қомақты сома деп айтсақ орынды болатын шығар. Дегенмен осы шара арқылы, осы қадамдар арқылы экономикамызда қандай жақсылық болады? Бір казиноны айтпай, бәрін қосып айтқан кезде қандай дұрыс әсері болады?

Бұл енді үлкен сала ғой, осыны дамыта берсеңіздер, әрі қарай экономикамызға, оның ішінде өңірлердің, облыстардың дамуына экономикалық эффектісі қандай болады? Жалғыз казиноны айтпай, бәрін қосып, кішкене нақтырақ айтыңызшы. Бұл өте маңызды қадам. Сіз өкілетті министрліктің басшысысыз, осы тұрғыдан келген кезде бұл елімізге не береді, соған жауап беріңізші.

ЖАРАСБАЕВ С.М. Сұрақтарыңызға рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Расында да қазіргі уақытта казино экономикаға үлесін қосып жатқан әлемдегі үлкен тәжірибе. Казиноны тек бір жерде ғана ашып, жұмыс жасап жатқан жоқ. Біздің ең басты мақсатымыз, халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, ол жерге тек казино салмай, сонымен қатар жанына қонақ үй салып, инфрақұрылымды дамыту. Себебі ол жерге адам бару үшін міндетті түрде барлық жағдай жасалу керек. Көкшетаудағы казиноны мысалға алсақ, ол жерде қонақ үйлер бар, барлық жағдай жасалған. Мысалы, кезінде Америкада дамымаған жерді дамыту үшін арнайы Лас-Вегаста ашылған болатын. Біз де осындай тәжірибеге

сүйене отырып болашақта казино ашылған жерде, біріншіден, жұмыс орындары ашылады, екіншіден, инфрақұрылым дамиды деген жоспар қойып отырмыз. Сонымен қатар халықаралық деңгейдегі қонақ үйлер ашылса, ол туристерге де пайдалы болады және бұл шеттен келетін туристердің санын арттырады деген сенімдеміз. Жалпы, ол осындай мультипликативті эффект берсе, онда экономикамызды арттырады деп үміттенеміз.

ТӨРАҒА. Жақсы, рақмет.

Сөз депутат Қыдырәлі Дархан Қуандықұлына беріледі.

ҚЫДЫРӘЛІ Д.Қ. Рақмет.

Біздің де сұрағымыз Туризм және спорт министрлігінің өкіліне.

«Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабына енгізілетін өзгерістермен туристік қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілерді субсидиялау және олардың шығындарын өтеу мәселелері жөніндегі уәкілетті органның өкілеттіктері кеңейтілді. Осыған орай сұрақтар бар.

Бірінші. Шығындардың қандай түрлері субсидиялауға жатады?

Екінші. Мемлекеттік қолдау алушыларға қандай талаптар қойылады?

Үшінші. Қаражатты бөлудің ашықтығы қалай қамтамасыз етіледі?

ТӨРАҒА. Серік Маратұлы, жауап беріңіз.

ЖАРАСБАЕВ С.М. Сұрағыңызға рақмет, Дархан Қуандықұлы.

Жалпы, қазіргі уақытта туризм саласында бізде жеті субсидиялау нормасы бар. Олардың алтауы жергілікті атқарушы органдар арқылы қаржыландырылады, біреуі республикалық деңгейде қаржыландырылады. Оларға нақты тоқталайын.

Бірінші. Шетелдік туристерді алып келу үшін туроператорларды субсидиялау. Оған 15 мың теңге төленеді. Бізде қазіргі уақытта ол үшін бекітілген бюджетте 54 миллион теңге көзделген.

Екінші. «Kids Go Free» бағдарламасы кәмелеттік жасқа толмаған балаларға арналған. Егер олар туроператорлар арқылы Қазақстанның ішінде демалуға баратын болса олардың билеттері толықтай 100 пайыз қайтарылады. Ол да өз әсерін көрсетіп жатыр. 2025 жылдың қорытындысы бойынша 1 мың 300 балаға сондай қызмет көрсетілген болатын.

Үшінші. Туристік саладағы құрылысты жасау үшін жергілікті атқарушы органдардың объектілеріне 10 пайызын қайтару.

Төртінші. Жол бойындағы сервистік қызмет көрсетуді жасау үшін 10 пайыз көзделген.

Бесінші. Туристік саламен айналысып жатқан бизнесмен өзіне 8 орыннан артық орындықты автобус сатып алған жағдайда оған 25 пайыз субсидия қайтадан қайтарылады.

Алтыншы. Көп сұрақ туындап жатқан санитарлық-гигиеналық орталықтар бойынша да сондай субсидия көзделген. Бір санитарлық-гигиеналық орталыққа 83 мың теңге көзделген. Ол тазалық сақтау және сол жерде жұмыс істеп жатқан адамдардың жалақысын төлеу немесе жабдық алу үшін арнайы көзделген.

Соңғы субсидиялау нормасы тау кластеріне, яғни тау-шаңғы курорттарына байланысты. Ол жерде арнайы техника немесе аспалы жолдар (канатные дороги) салған жағдайда 25 пайызын қайтарып беру нормасы бар.

Бұның бәрі бізде нормативтік құқықтық актілермен белгіленген. Ол жерде арнайы комиссия өз жұмысын жасайды. Қатысушылар ережеге сәйкес өтінімдерін береді және ол комиссия арқылы қарастырылады. Әрбір мәселе кесте бойынша қаралып, біздің министрліктің бақылауында болады.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Ниязова Нурия Исмагиловнаға беріледі.

НИЯЗОВА Н.И. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Мой вопрос адресован представителю Министерства туризма и спорта.

Законом предусматривается создание единого оператора по распределению бюджетных и внебюджетных средств в сфере туризма и детского спорта.

В связи с этим у меня два вопроса.

1. Закреплен ли обязательный ежегодный независимый аудит деятельности оператора с публикацией его результатов в открытом доступе?

2. Какие правовые механизмы предотвращения конфликта интересов и персональной ответственности должностных лиц предусмотрены в случае выявления нарушений?

ТӨРАҒА. Серік Маратұлы, жауап беріңіз.

ЖАРАСБАЕВ С.М. Спасибо за вопросы, Нурия Исмагиловна.

Да, данным законопроектом предусмотрено наделение полномочием аудита при проверке единого оператора – Фонд поддержки спорта (статья 50-1). Это рекомендовано Высшей аудиторской палатой при проверке, так как ранее данная организация не подвергалась аудиту. Это положительная норма, которая скажется в целом на деятельности этого фонда.

На сегодня этот фонд располагает внутренними правилами для чистоты и правильности отбора тех заявок, которые туда попадают. В целом речь идет о том фонде, который на сегодня финансируется из АО «ФНБ «Самрук-Казына». Этому единому оператору поступает порядка 21 миллиарда тенге.

Он является учредителем и содержанием четырех игровых клубов: футбольный клуб «Астана», баскетбольный клуб «Астана», хоккейный клуб «Барыс» и велокоманда «Астана». На эти клубы распределяется порядка половины этих средств. Оставшиеся 10 миллиардов тенге мы распределяем на федерации, которые подают свои заявки. При проверке этих заявок мы также руководствуемся всеми действующими нормами законодательства.

В целом хотелось бы отметить, что этот фонд в свое время также профинансировал 1,2 миллиарда тенге на подготовку и участие нашей Национальной сборной команды в Зимних Олимпийских играх.

Так что все нормы, которые сегодня данным законодательством определяются, мы будем реализовывать и исполнять те поручения, которые дала нам Высшая аудиторская палата. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Амангелді Ғабдылқаримұлы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Рахметова Әсем Қалашбайқызына беріледі.

РАХМЕТОВА Ә.Қ. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне туристік саланы және балалар спортын қолдау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңның нормалары Мемлекет басшысы айқындаған әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарымен сәйкестендіріліп, елдің адами капиталын нығайту, өңірлердің әлеуетін арттыру, сондай-ақ салауатты ұлт қалыптастыру бағытында әзірленген маңызды құжат.

Туристік сала экономиканың мультипликативті әсері жоғары стратегиялық маңызды салаларының бірі болғандықтан ұсынылып отырған өзгерістер алдымен ішкі және келу туризмін дамытуға, туристік инфрақұрылымды жетілдіруге, инвестициялық тартымдылықты арттыруға, жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді деп күтілуде.

Бай және терең тарихымызды танытатын, сапалы мағлұмат бере алатын экскурсия жүргізуші гидтердің жұмысын жүйелендіру, олардың реестрін жасау да уақыт талабы. Бұл бақылау емес, қолдау шаралары. Сондай-ақ заң ережелерімен туристік қызмет үшін мемлекеттік қолдау тетіктері нақтыланып, кәсіпкерлерге қолайлы жағдай жасау көзделген. Бұл шаралар туристік саланың инвестициялық тартымдылығын арттырып, өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына орнықты ықпал етеді.

Заңның балалар спортын дамыту туралы бөлігінде салауатты ұлт қалыптастыру бағытында бірқатар ұсынымдар қолдау тапқан. Бастысы балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерін қаржыландырудың жан басына шаққандағы нормативін енгізу қарастырылған. Бұл әр спортшыға жұмсалатын шығынды жылына екі есеге дейін арттыруға жол ашады.

Жасөспірімдер спорт мектептерінде жұмыс істейтін жаттықтырушылар мен мұғалімдердің жалақысы өседі. Біліктілік сынағынан өткен және сабақты ұлттық спорттық дайындық стандарттарына сай өткізетін мамандарға қосымша үстемақы төленеді. Бұл өзгерістер балаларды спортқа барынша баулуға, олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға, физикалық және рухани дамуына, сондай-ақ құқық бұзушылықтың алдын алуға ықпал етеді.

Туристік саланы және балалар спортын кешенді түрде қолдауға бағытталған және әлеуметтік маңызы жоғары дер уақытында дайындалған заңды қолдаймын және құрметті әріптестер, сіздерді де қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне туристік саланы және балалар спортын қолдау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Қаралған заң туристік саланы, сондай-ақ балалар мен жасөспірімдер спортын қолдауды реттейтін заңнаманы одан әрі жетілдіруге бағытталған. Атап айтқанда, туристік саладағы бірқатар қолданыстағы нормалар қайта қаралды. Соның нәтижесінде оны дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған жаңа құқықтық тетіктер енгізіліп отыр.

Заңды мақұлдау туризм саласын экономиканың басым бағытына айналдыруға және балалар мен жасөспірімдер спортын дамытуға оң септігін тигізеді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған әріптестерге рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз депутат Асанова Жанна Бейсентайқызына беріледі.

АСАНОВА Ж.Б. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Депутатский запрос адресуется Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову.

«Уважаемый Олжас Абаевич! Сегодня в практике стационарной помощи при общем устойчивом и положительном функционировании системы здравоохранения и своевременности оказания экстренной помощи все чаще возникают напряженные ситуации в приемных отделениях и стационарах, особенно при экстренной госпитализации, переводе пациента в реанимацию, нахождении его на операции, а также при поступлении детей, когда родственники, находясь в состоянии тревоги, не имеют возможности получить даже минимально необходимую информацию о состоянии пациента, потому что доктора находятся в отделениях и заняты работой, согласно правилам сопровождающим туда заходить нельзя, а сотрудники приемного отделения и регистратуры не располагают актуальной клинической информацией.

В итоге создается информационный вакуум, появляется эмоциональное напряжение в приемных отделениях и в целом в клинике, а порой возникают и более сложные конфликты. И доктора с медицинским персоналом вынуждены отвлекаться, реагировать на эти ситуации вместо того, чтобы заниматься другими пациентами.

К тому же формируются предпосылки к возникновению посреднических и незаконных практик, так сказать, через знакомых, появляются риски нарушения врачебной тайны и защиты персональных данных из-за отсутствия единых правил идентификации, обработки и фиксации обращений.

С учетом уровня цифровизации государственных услуг и развития медицинских информационных систем мы предлагаем решить данную проблему системно, путем внедрения официального канала связи для родственников.

Это не требует сложных реформ, речь идет о понятной и прозрачной системе информирования:

единого контакт-центра, через который можно быстро получить подтвержденную информацию о госпитализации и текущем статусе человека;

надежного механизма цифровой идентификации с подтверждением родственной связи и возможностью заранее определить доверенных лиц, а также понятного порядка действий на случай, если пациент не может выразить свою волю;

интеграции с медицинскими информационными и другими системами с фиксацией обращений и разграничением доступа единых стандартов коммуникации в стационарах, с назначением ответственных сотрудников и регулярным обновлением статуса пациента при обязательном соблюдении врачебной тайны, защиты персональных данных и всех установленных регламентов.

Предлагается реализовать данное решение в формате пилотного проекта в двух-трех регионах с последующим масштабированием, поскольку проблема носит системный характер и требует единых правил по всей стране. Но нужен пилотный проект.

Фактически речь идет о создании цивилизованного, законного и прозрачного механизма, который снимет напряжение в больницах и обеспечит людям чувство защищенности и доверие к системе здравоохранения, а докторам и медикам – спокойную обстановку для работы.

О результатах рассмотрения депутатского запроса просим дать письменный ответ в установленный законом срок.

С уважением, депутаты Асанова, Кожаев, Ниязова».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Нәутиев Әлібек Ибатуллаұлына беріледі.

НӘУТИЕВ Ә.И. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне.

«Құрметті Олжас Абайұлы! «Пошта туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «Қазпошта» акционерлік қоғамы ұлттық пошта операторы ретінде ауылдық жерлерде мерзімді баспа басылымдарын тарату және әмбебап қызметтерді көрсету бойынша міндеттемелерді атқарады.

«Байланыс туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 34-бабына сәйкес ауылдық елді мекендерде көрсетілетін әмбебап байланыс қызметтері субсидияланатын қызметтерге жатады. Бұл ретте субсидиялар мөлшері шығыстар мен шығын байланыс қызметтерін көрсетуден түскен нақты кірістер арасындағы айырмашылық ретінде айқындалуы тиіс. Алайда іс жүзінде уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан заңның бұл нормасы орындалмай отыр. Мәселен, 2025 жылы мерзімді баспасөз басылымдарын жеткізуге жұмсалған шығынның көлемі 3,3 миллиард теңгені құраса, бөлінген субсидияның көлемі 2 миллиард теңгені ғана құрады. Ал 2026 жылы пошталық байланыс қызметтерін субсидиялауға небәрі 500 миллион теңге бөлінді, бұл нақты шығынның 4 пайызын ғана жабады. Аталған факт ауылдық пошта бөлімшелерінің жаппай жабылуына әсер етуі әбден мүмкін.

Айта кететін жайт, «Қазпошта» акционерлік қоғамы 7,5 миллион азамат тұратын 6 мың ауылдық елді мекенді мемлекеттің қатысуын қамтамасыз етеді. Ал бұл Қазақстан

халқының шамамен 40 пайызы. Өткен жылдың қорытындысы бойынша ауылдық елді мекендерге баспа басылымдарының 34,5 миллион данасын жеткізу қамтамасыз етілді. Бұл ауылдық жерлердегі үлестің 74,2 пайызын құрайды. Аталған шараны іске асыру үшін 1 мың 774 ауылдық пошта бөлімшесі, 5 мыңға жуық пошташы, 2 мың оператор, 1 мың жүргізуші, 1 мың 500 бірлік автокөлік және 36 пошта вагоны жұмылдырылды.

Мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуына қарамастан шалғайдағы және қол жеткізу қиын ауылдық елді мекендердің басым санында тұрақты кең жолақты интернет жоқ немесе айтарлықтай үзілістермен жұмыс жасайды. Мұндай жағдайларда мерзімді баспа басылымдары сенімді ақпарат алудың жалғыз қолжетімді және сенімді көзі болып табылады. Интернеттің болмауы және пошта маршрутының қысқаруы жағдайында шалғайдағы тұрғындар «ақпараттық оқшаулануда» қалып қоюы мүмкін. Бұл әсіресе мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асыру кезеңінде және сайлау кезеңінде, оның ішінде жалпыұлттық референдумға дайындық жағдайында өте маңызды. Ауылдағы пошта бөлімшесінің жабылуы, бұл азаматтарды елдің әлеуметтік-саяси өмірінен оқшаулау және оларды ақпараттандыру бойынша конституциялық құқығынан айыру деп есептейміз.

Осы мәселені Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің отырысында талқылау барысында бірыңғай мемлекеттік ұстанымның жоқтығы анықталды. Атап айтқанда, Қаржы министрлігі осы саланың стратегиялық маңыздылығына қарамастан шектеулі лимиттер мен бюджет тапшылығына сілтеме жасап отыр. Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі қаражат тапшылығын мойындайды, дегенмен оны толтыратын құралдарын таба алмай, кейбір ауылдарда мүлдем қол жетімділігі жоқ цифрлық жобаларға басымдық беруде. Мәдениет және ақпарат министрлігі отандық бұқаралық ақпарат құралдарының ары қарай дамуына тікелей әсер ететініне қарамастан субсидиялау мәселесін шешуден алшақтауда.

Назарларыңызды «Қазпошта» АҚ-ның ауылдарға жеткізу қызметін атқарып отырғанына ғана емес, оның мемлекеттің жалғыз өкілдігі санатында зейнетақы, жәрдемақы төлеу және төлемдерді қабылдауды қамтамасыз ететін «хаб» ретінде танылатынына тағы бір мәрте назарларыңызды аударғым келеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2025 жылғы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысында тиісті қаржы қаражатын бөле отырып, ең шалғай елді мекендерді қоса алғанда пошта бөлімшелерінің одан әрі үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету қажеттігі туралы нақты тапсырма берген болатын.

Комитет депутаттары Президенттің тапсырмасын орындау және саланы тұрақтандыру үшін келесі мәселелер қажет деп санайды:

1. «Байланыс туралы» Заңның орындалуын қамтамасыз ету. Үкімет ауылдық жерлерде әмбебап байланыс қызметтерін толық көлемде субсидиялау мәселесін шешу.
2. Баламалы қолдау тетіктерін енгізу мүмкіндігін қарастыру.
3. Баспа қызметі мен логистика арасындағы тікелей байланысты қамтамасыз ете отырып, құзыретті министрлікке мерзімді басылымдарды жеткізуді субсидиялау жөніндегі құзыретті бекіту бөлігінде «Масс-медиа туралы» Заңға түзетулер енгізуді қамтамасыз ету.
4. Тиісті мемлекеттік органдардың қатысуымен ұлттық пошта операторының өзекті проблемалық мәселелерін қарау және оң қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін оларды шешу жолдарын табу.

Депутаттық сауалды қарау нәтижелері мен қабылданған шаралар туралы «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 27-бабына сәйкес белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

Сауалдың толық нұсқасы қоса жіберіліп отыр.

Құрметпен Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің депутаттары». Рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, регламентті сақтауларыңызды сұраймын.

Сөз депутат Сатвалдиев Алишер Гапиржановичке беріледі.

САТВАЛДИЕВ А.Г. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Депутатский запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову.

«Уважаемый Олжас Абаевич! На сегодня Казахстанская служба крови является институционально выстроенной системой, действующей в рамках единой государственной политики, соответствующей международным стандартам безопасности.

Научно–производственный центр трансфузиологии выполняет научную, методическую и образовательную функции, разрабатывает клинические протоколы.

Вместе с тем в ходе встреч депутатов с населением в регионах были обозначены проблемы системного характера, затрагивающие устойчивость данной службы. Эти вопросы носят межотраслевой характер и требуют комплексных решений.

Первая и наиболее острая проблема – это низкий уровень мотивации безвозмездных доноров крови. Размер денежного эквивалента бесплатного питания для доноров установлен на уровне 0,25 МРП и не пересматривался годами, несмотря на рост цен и изменение социально-экономических условий. По сути, данный механизм утратил стимулирующую функцию и носит символический характер.

Между тем по рекомендациям Всемирной организации здравоохранения для устойчивой работы необходимо не менее 35 донаций на 1000 населения в год. В Казахстане этот показатель составляет 12 донаций.

Международный опыт подтверждает эффективность комплексного стимулирования донорства. В ряде стран применяется комплексная компенсация питания и затраченного времени на уровне 25 евро, а также моральное поощрение и общественное признание.

В Казахстане, помимо низкого материального стимулирования, отсутствует система морального поощрения. Упразднение нагрудного знака «Құрметті донор» привело к утрате важного инструмента общественного признания. Сегодня доноры конкурируют за ведомственную награду «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» на общих основаниях с медицинскими работниками.

Совокупность этих факторов уже приводит к снижению числа регулярных доноров, рискам перебоев в обеспечении медицинских организаций компонентами крови. Система все чаще опирается на разовые акции и административную мобилизацию, что снижает ее устойчивость и предсказуемость.

Второй системный блок проблем – кадровый дефицит и профессиональное выгорание работников службы крови. Высокая ответственность и эмоциональная нагрузка при ограниченных зарплатах и карьерных стимулах ведут к оттоку кадров и старению специалистов. Дополнительные риски создает действующее регулирование квалификационных категорий.

Специалисты санитарно-эпидемиологического, фармацевтического и общественного здравоохранения фактически исключены из системы категорий.

Кроме этого, медицинские работники, утратившие квалификационные категории до 1 января 2021 года, не могут восстановить ранее подтвержденный уровень и вынуждены начинать с более низкой категории независимо от опыта и стажа.

В этой связи считаем необходимым:

1) обновить государственную политику в сфере донорства и утвердить Национальную программу развития донорства крови как самостоятельное направление политики общественного здравоохранения;

2) перейти от разовых акций к устойчивому механизму регулярного донорства, пересмотрев размер компенсации питания донорам, восстановив практику вручения нагрудного знака «Құрметті донор», внедрив дополнительные меры социальной и нематериальной поддержки;

3) формировать культуру донорства как элемент гражданской ответственности и социальной солидарности, развивать корпоративное и студенческое донорство;

4) пересмотреть порядок присвоения и восстановления квалификационных категорий с учетом специфики трансфузиологии и принципа правовой преемственности;

5) ускорить цифровизацию службы крови, включая создание единого реестра доноров крови, внедрение механизмов прогнозирования потребности в компонентах крови.

Полный текст данного депутатского запроса будет направлен на Ваше имя.

С уважением, депутаты Сатвалдиев, Лукин, Кыдырали, Сарыбаев, Больгерт, Жексенбай, Кожаев, Кузиев, Ниязова, Нугманов, Шиповских». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Жәргенбаев Жанболат Әкебайұлына беріледі.

ЖӨРГЕНБАЕВ Ж.Ә. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне.

«Құрметті Олжас Абайұлы! Қазақстан Республикасында су қауіпсіздігі мәселесі стратегиялық сипат алып отыр. Климаттың өзгеруі, су қорларының азаюы және трансшекаралық өзендерге тәуелділік жағдайында жерасты су ресурстары елдің ұзақ мерзімді тұрақты дамуы үшін негізгі резервтердің бірі болып отыр.

Бұл бағыттағы мәселелер алдағы жалпыхалықтық референдумға ұсынылатын Конституцияның жаңа редакциясында көзделген табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және орнықты даму қағидаттарын іске асырумен тікелей сабақтас. Ресми деректерге сәйкес Қазақстан Республикасында жерасты суларының бекітілген эксплуатациялық қорлары тәулігіне шамамен 43,1 – 43,2 миллион текше метрді құрайды және олар табиғи жолмен қайта толып отырады. Алайда іс жүзінде осы көлемнің

небәрі үш-төрт пайызы ғана пайдаланылуда. Бұл жерасты су ресурстарының елеулі бөлігінің экономикалық айналымнан тыс қалып отырғанын және оларды басқару жүйесінің жеткіліксіздігін көрсетеді.

Ел бойынша шаруашылық, ауызсу қажеттілігінің шамамен 40 пайызы жерасты сулары есебінен, ал 60 пайызы жерүсті су көздері есебінен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар жерасты су ресурстары өңірлер бойынша біркелкі бөлінбеген. Тұщы жерасты суларының 68 пайызы Алматы, Жамбыл, Түркістан және Қызылорда облыстарында шоғырланған. Ал Атырау, Маңғыстау және Солтүстік Қазақстан облыстары су тапшылығы жоғары өңірлер қатарына жатады.

Ресми мәліметтерге сәйкес жерасты суларының жалпы эксплуатациялық қорларының 50 пайызы, яғни тәулігіне 21,3 миллион текше метрі суармалы егіншілік мақсаттарына арнайы барланған. Соған қарамастан нақты пайдалану көлемі тәулігіне небәрі 0,7 пайызды ғана құрайды. Бұл су тапшылығы жағдайында ауыл шаруашылығы үшін аса маңызды стратегиялық резервтің іс жүзінде пайдаланылмай отырғандығын көрсетеді. Сонымен қатар Қазақстан аумағында литий, йод, бром және стронцийге бай өнеркәсіптік жерасты суларының төрт перспективалы провинциясы анықталғанымен олардың әлеуеті экономикалық айналымға толық енгізілмеген. Қазіргі уақытта жерасты суларына мемлекеттік мониторинг жүргізілгенімен қолданыстағы бақылау желісі климаттық тәуекелдер, урбанизация және су тапшылығы жағдайында жеткіліксіз. 2003 жылдан бері қолданылып келе жатқан ақпараттық жүйелер жерасты сулары бойынша нақты уақыттағы мониторингті қамтамасыз етпейді. Осыған байланысты келесі мәселелер бойынша нақты шараларды қабылдауды және олар бойынша ресми жауап беруіңізді сұраймыз.

Бірінші. Жерасты суларын барлау және өндіру саласындағы ведомствоаралық үйлестіруді күшейту.

Екінші. Жерасты су ресурстарына мониторинг жүргізудің ұлттық желісін құру, оның ішінде автоматтандырылған бақылау жүйелерін енгізу және су тапшылығы жоғары өңірлерде бақылауды күшейту жөнінде нақты жоспар ұсыну.

Үшінші. «Water Base» ұлттық цифрлық платформасын толық іске қосу, барлық гидрогеологиялық деректерді интеграциялау, онлайн мониторинг пен ашық қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша нақты мерзімдерді айқындау.

Төртінші. Гидрогеология саласында кадр даярлау, қайта даярлау және өңірлерге мамандар тарту жөнінде жүйелі мемлекеттік шараларды қабылдау.

Бесінші. Жерасты су ресурстарын басқару бойынша ғылыми негізделген ұлттық тұжырымдама және жеке мемлекеттік бағдарламаны әзірлеу мүмкіндігін қарастыру, онда нақты мақсаттар мен өлшенетін индикаторларды бекіту.

Алтыншы. Бақылаусыз бұрғылаудың алдын алу, рұқсат беру жүйесін жетілдіру, жерасты суларының ластануы үшін жауапкершілікті күшейту жөніндегі шаралар туралы ақпарат беру.

Аталған мәселелер бойынша заңнамада белгіленген мерзімде жазбаша түрде жауап қайтаруыңызды сұраймыз. Сауалдың толық мәтіні жолданады.

Құрметпен Аграрлық мәселелер комитетінің депутаттары».

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа депутаттық сауалдар жоқ.

Құрметті әріптестер, өздеріңізге белгілі, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жарлығымен жаңа Конституция жобасына байланысты 15 наурызда республикалық референдум өтеді. Ертеңнен бастап конституциялық реформалардың мәнін халыққа түсіндіру үшін жұмыс сапарымен өңірлерге барасыздар. Осы ретте кездесулерде конституциялық өзгерістер президенттік реформалардың жүйелі жалғасы екеніне баса мән беруіміз керек. Сондай-ақ бұл саяси бағдар «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасының институционалдық негізі екенін айтуымыз қажет.

Шын мәнінде қолға алынған бастамаларды азаматтардың дұрыс түсініп, қабылдауы реформалардың табысты болуының кепілі. Сондықтан конституциялық реформалардың мәнін халыққа баяндап қана қоймай, ашық диалог құру аса маңызды.

Өңірлерде осы мәселеге аса мән беріп, нәтижелі кездесулер өткізесіздер деп сенемін. Осы жолдағы жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін.

Құрметті әріптестер, осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ  
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

**МАЗМҰНЫ**  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ**  
**СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ**  
**2026 жылғы 19 ақпан**

**Күн тәртібі бойынша**

О повестке дня ..... 1

**«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бірлескен комиссиясының құрамы туралы**

О составе совместной комиссии Палат Парламента Республики Казахстан по проекту Конституционного закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Конституционный закон Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» ..... 1

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы жаңартылатын энергия көздері саласындағы жобаларды іске асыру туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде**

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Китайской Народной Республики о реализации проектов в области возобновляемых источников энергии», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің хатшысы О.А. БУЛАВКИНАНЫҢ баяндамасы**

Доклад секретаря Комитета по аграрным вопросам, природопользованию и развитию сельских территорий БУЛАВКИНОЙ О.А. .... 2

**Сөз сөйлегендер:**

Выступили:

БҰҚТҰҒҰТОВ Ш.С. .... 3

ЕСІМХАНОВ С.Қ. – Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министрі, вице-министр энергетикасы Республикасы Қазақстан ..... 4

НУХҰЛЫ А. .... 5

ОШУРБАЕВ М.Т. – Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар вице-министрі, вице-министр экологии и природных ресурсов Республикасы Қазақстан ..... 5

ОРЫНБАСАРОВ Б.Т. .... 5

ЕСІМХАНОВ С.Қ. .... 6

ДҮЙСЕМБИНОВ С.М. ....	7
-----------------------	---

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне туристік саланы және балалар спортын қолдау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде**

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам поддержки туристской отрасли и детского спорта», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі**

**А.Ғ. ЕСБАЙДЫҢ баяндамасы**

Доклад члена Комитета по социально-культурному развитию и науке ЕСБАЯ А.Ғ. ....	8
--	---

**Сөз сөйлегендер:**

Выступили:

ӨТЕҒҰЛОВ А.К. ....	10
ЖАРАСБАЕВ С.М. – Қазақстан Республикасының Туризм және спорт вице- министрі, вице-министр туризма и спорта Республики Казахстан .....	10
НӘУТИЕВ Ә.И. ....	10
ЖАРАСБАЕВ С.М. ....	11
ҚОЖАЕВ М.Ш. ....	12
ЖАРАСБАЕВ С.М. ....	12
ҚЫДЫРӘЛІ Д.Қ. ....	14
ЖАРАСБАЕВ С.М. ....	14
НИЯЗОВА Н.И. ....	15
ЖАРАСБАЕВ С.М. ....	15
РАХМЕТОВА Ә.Қ. ....	16

**Депутат Ж.Б. АСАНОВАНЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновке депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата АСАНОВОЙ Ж.Б. к Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову О.А. ....	17
--	----

**Депутат Ә.И. НӘУТИЕВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновке депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата НАУТИЕВА А.И. к Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову О.А. ....	18
--	----

**Депутат А.Г. САТВАЛДИЕВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновке депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата САТВАЛДИЕВА А.Г. к Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову О.А. ....	20
---	----

**Депутат Ж.Ә. ЖӨРГЕНБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі О.А. Бектеновке депутаттық сауалы**  
Депутатский запрос депутата ЖОРГЕНБАЕВА Ж.А. к Премьер-Министру  
Республики Казахстан Бектенову О.А. .... 21

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық  
қамтамасыз ету басқармасының  
инженерлік орталығы» РМК директорының  
міндетін атқарушы

Б. Сағын

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық  
қамтамасыз ету басқармасының  
инженерлік орталығы» РМК  
Стенографиялау қызметінің басшысы

Г. Молдашева